



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

тұрыстық, эмоционалды, когнитивті компоненттері қарастырылаған. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың жауапкершілік жөніндегі салыстырмалы талдау жасалған. Авторлар мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың жауапкершілік ерекшеліктерін анықтау арқылы мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларда жауапкершіліктің қалыптасу деңгейін салыстырған, жауапкершілік құрылымының жастық ерекшеліктерін зерттеген; әр жастық кезеңде балалардың жауапкершілік жөніндегі пайымдауын анықтаған[4].

Эксперименттік зерттеу барысында авторлар баланың жауапкершілік жөніндегі көзқарасын анықтауға бағытталған ата-аналары үшін жасап шығарылған сауалнама және «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі қолданылған. Зерттеудің нәтижесі бойынша кіші мектеп оқушыларының 46%-нда жауапкершіліктің орташа деңгейі анықталған. Ал, мектепке дейінгі жастағы балалардың көрсеткіштері бойынша мектеп жасындағы балаларға қарағанда әлдеқайда азырақ – 41%. Жауапкершілік жөнінде мүлдем білмейтін балалар пайызы – 37%- мектепке дейінгі жастағы балаларда, 6%-кіші мектеп жасындағы балаларда екендігі айқындалған.

Жоғарыда келтірілген бірқатар эмпирикалық зерттеулердің негізінде мынадай қорытынды жасауға болады. Психология ғылымындағы жауапкершілік - тұлғалық қасиеттердің көрінісі ретінде жас ерекшеліктің сипатқа ие, сондай-ақ, тұлғаның білім жүйесіне, мінез-құлық нормаларына байланысты болып келеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. extension://ecnphlgnaianjnkcmbrancdjoidceilk/content/web/viewer.html?source=extension\_p dfhandler&file=https%3A%2F%2Fcyberleninka.ru%2Farticle%2Fn%2Fotvetstvennost-kak-psihologicheskii-fenomen-i-vozmozhnosti-ee-dagnostiki-v-yunosheskom-vozraste-i-vozraste-ranney-zrelosti.pdf
2. Пшеничная В.В. Исследование ответственности как системного качества личности студентов колледжа [Текст] // Психологические науки: теория и практика: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Москва, март 2014 г.). — М.: Буки-Веди, 2014. — С. 70-73.
3. Т.Н. Сидорова. Особенности социальной ответственности у старшеклассников// «Вопросы психологии», 1987, №5
4. Дементий Л. И., Гроголева О.Ю. Особенности ответственности в дошкольном и младшем школьном возрасте. Сб.мат. ежегод.междунар. научно-практ. конф. «Воспитание и обучение детей младшего возраста», Омск, 2016.

УДК 159.9

### **ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕГІ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТИПТЕРІ МЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ДЕҢГЕЙІ**

**Ибрагим Айбибі Айболқызы,**

**Жаксылыкова Самал Айтпайқызы**

«Психология» мамандығының 3-курс студенттері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми кеңесші - Ерментаева А.Р.

Жеткіншек шақтағы агрессиялық мінез-құлықты зерттеудің маңыздылығы оның жас ерекшелік спецификасының маңыздылығымен түсіндіріледі. Баланың онтогенездегі тұлғалық құрылымының дамуында болатын әр түрлі қиын деңгейлеріне қарағанда, жеткіншектің шақ басқа жас ерекшелік кризистерге қарағанда ең ұзақ, әрі ең ауыр кезең болып табылады. Бұл кезең дамудың барлық деңгейіне үлкен әсерін қалдыратын сапалы, тез уақытта пайда болатын өзгерістерімен сипатталады [1].

Мектеп-жеткіншектерге әлеуметтік тәжірибеге ие болу мүмкіндігін беретін әлеуметтену институттарының арасында ерекше орынға ие. Көбінесе педагогтардың немқұрайлығы

немесе қателіктері, және де мектептегі құрдастарымен негативті қарым-қатынастары, отбасыишілік келіспеушіліктер немесе отбасы ықпалын жоғалтуға қарағанда оқушы үшін үлкен мәнге ие және болашақта көбірек ауыр салдарға ұшыратады. Біздің қоғамда әлдегі уақытқа дейін мектеп-балалар үшін қауіпсіз орын деп санау қабылданған. Бірақ мектептердегі зорлық-зомбылық, қазіргі заманда жеткіншек үшін психологиялық қауіпсіз орындардың жоқ екендігін түсінуге өзінің үлесін қосты. Қауіпсіздік барлық мектеп мүшелері үшін оқу эффективтілігінің қажетті шарты болып табылады. Бірақ, өкінішке орай, білім ортасында оқушылар арасында агрессияның көрінуі және де агрессиялық мінез-құлықты бұлтартпау мақсатында мұғалімдердің пайдалана алатын және қолданатын шаралары туралы сұрақтар жиі пайда болады. Оқушылар жағынан және де мұғалімдер жағынан да мектептік кемсітулер мен балағаттаулар-мектептегі атмосфераға негативті әсер етеді, ал қорқыныш, депрессия және жеткіншектердің денсаулығы туралы шағымдары олардың мектепке келу көрсеткішіне, сабақтардағы концентрацияларына және оқушылардың үлгеріміне ықпал етеді [2].

Көпшілік мектеп оқушыларында өзін-өзі бағалаудың типтерін бөліп шығаруға болады. Өзін-өзі бағалаудың өте төмен деңгейі әдетте сирек кездеседі, әдетте ондай балалар қорқақ, көпшілік алдында сөйлей алмайды.

Өзін-өзі бағалаудың адекватты деңгейіне ие балалар әдетте белсенді, инициативті болады өз жасаған іс-әрекеттеріне адекватты көзқараспен қарайды. Өзін-өзі бағалаудың адекватты емес, төмен деңгейі балалардың ұяңдығына, ұялшақтығына әкеліп соғады және істей алмау, сәтсіздікке ұшару сияқты әр түрлі ойлармен өздеріне мотивация құрастырады. Оған қоса, өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейі тән мектеп оқушылары басқа балалардың жасаған іс-әрекетін өте қатты жоғары бағалағандықтан, өз-өзіне деген сенімділіктері жоғалады. Сондықтан, мұндай балалар көп жағдайда басқа балалармен қарым-қатынасты тоқтатады және тұйық болады.

Өзін-өзі бағалау негізінде мектеп оқушыларында ұмтылу дәрежесі де қалыптасады, яғни өзін-өзі бағалау адекватты болған сайын, ұмтылу деңгейі де соншалықты адекватты деңгейде болады. Ұмтылу деңгейі өте жоғары мектеп оқушыларына аффективті уайымшылдық, агрессиялық, қырсықтық, жоғары деңгейдегі сезімталдық, ашуланшақтық тән. Психологиялық практиканың көрсетуінше, ұмтылу деңгейі өте жоғары мектеп оқушылары тіпті көптеген сәтсіздікке ұрынса да, басқа жетістіктерін жоғары бағалайды(мысалы, математика пәнінен деңгейі төменірек болса, дене шынықтыру пәнінен ұмтылыс деңгейі жоғары болуы мүмкін).

Жеткіншектерде өзін-өзі кемсіту деңгейінің төмен болуы ата-аналардың немесе мұғалімдердің баладан жасай алмайтын жоғары үміт күтуінен пайда болады. Көбіне осындай ата-аналар идеалист болып табылады, сондықтан балаға жоғары стандарттар қояды, өздерінің үмітін ақтатқызу мақсатымен махаббаттарын шартты түрде ғана жеткізеді. Яғни, ата-ана қалаған үмітті баласы ақтамаса махаббаттарын балаға көрсетпей, осындай әдіс арқылы жазалайды. Нәтижесінде, бала үнемі өзін кінәлі сезінеді және үнемі өкінетін адам кейпінде болады, себебі болашақта үнемі сәтсіздік қана күтіп тұр деген ой маза бермейді [3].

З.С. Курбанова «Психологические условия развития самооценки подростков» атты зерттеу жұмысында жеткіншек жастағы мектеп оқушыларының өзін-өзі бағалау деңгейін мен олардың құрбы-құрдастарымен өзара қарым-қатынасының арасындағы байланысын зерттеген. Жеткіншектердің құрбы-құрдастарымен жақсы қарым-қатынас орнатуы – өзін-өзі бағалау деңгейінің жоғарылауына, ал құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастың тұрақталмауы – өзін-өзі бағалау деңгейінің төменгі деңгейде болуына себеп болады ; өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейіне ие жеткіншектерде: өз-өзіне деген қатынасының эмоционалды-құндылықтық қақтығысы болуымен, басқа адамға ашылу деңгейінің төменділігімен сипатталады; өзін-өзі бағалау жоғары деңгейіне ие жеткіншектерде: өз-өзіне сенімділігімен, табандылығымен, ашық, әсершілдігімен және кей жеткіншектерге сәйкес эгоистілік қасиеттерімен сипатталады деген гипотезалар шығарылып, дәлелденді [4].

Агрессиялықтың дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі-отбасындағы қарым-қатынас және тәрбиелеу стильдері. А.Адлер, Л. Берковиц, Р.Бэрон, Л.С. Выготский, А.И.Захаров, И.С. Кон, М. Раттер, Д.Ричардсон, Э.Фромм, Х. Хекхаузен, және т.б). Отбасы баланың сыртқы ортамен өзара әрекеттесуі, оның ортаны зерттеуі мен жауап қайтаруының жаңа тәсілдерін игеру кезінде баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және кепілдік беруі керек. Отбасыишілік қарым-қатынас тәжірибесі балаға өмірдің мәні мен құндылығы туралы қорытынды жасауға, өзін-өзі бағалауға және қатыстылық немесе шеттету сезімін өткеруге мүмкіндік береді.

Н.А. Васильченконың «Особенности агрессивности и образа родителей у подростков» деген диссертациялық жұмысының мақсаты жеткіншектердегі агрессиялық ерекшеліктері мен олардың ата-аналарының бейнесінің арасындағы байланысты зерттеу болып табылды.

Агрессия, агрессиялық мінез-құлық және агрессиялық ұғымдары әр түрлі феноменологиямен сипатталады және жүзеге асу тәсілдері бойынша ерекшеленеді. Н.А. Васильченконың зерттеуінде синонимдер болып табылмайды. Агрессия ретінде басқа біреуге зиян келтіру ниетімен мотивацияланған мінез-құлық (физикалық немесе символикалық) түсініледі. Васильченконың айтуы бойынша агрессиялық: адамның психикалық қасиеттерінің күрделі құрылымды компоненті болатын, социум ықпалы негізінде өзгеруге ұшырайтын, агрессиялық мінез-құлыққа бейімділік және дайындық.

Васильченконың зерттеуінде ата-аналар бейнесі мен қалыптасушы тұлғаның әлем бейнесінің байланысының ерекшеліктері анықталған. Агрессиялықті зерттеуді гендерлік айырмашылықтарды ескеру және әлеуметтік өзара әрекеттесу контекстінде жүзеге асыру мүмкін екендігі дәлелденген [6].

Агрессия – бұл зәбір көрсету немесе басқа тірі жанға зиян келтіруге бағытталған, мінез-құлықтың кез келген формасы. Агрессияны эмоция, мотив немесе бағдарлану (установка) емес, мінез-құлық моделі ретінде қарастырған жөн. Бұл маңызды тұжырым үлкен шатасушылықты тудырды. Агрессия термині ашу сияқты негативті эмоциялармен; жәбірлеу немесе зиян келтіруге ұмтылу сияқты мотивтермен; және нәсілдік немесе этникалық нанымдар сияқты негативті бағдарлармен жиі байланыстырылады.

Агрессияның адамдарда көрінуі шексіз және алуан түрлі болғандықтан, осындай мінез құлықты зерттеуді Басс ұсынған концептуалды аясымен шектеген пайдалы болады. Осыған байланысты Басс бойынша агрессияның категорияларын көрсетуге болады (1-кесте)

*1-кесте. Басс бойынша агрессия типтері*

| Агрессия типі                   | Мысалдар  |
|---------------------------------|---|
| Физикалық-белсенді-тікелей      | Басқа адамға суық қарумен соққы беру, атыс қаруы көмегімен соққыға жығу немесе жарақаттау.                            |
| Физикалық-белсенді-тікелей емес | Тұзақ құру; жауды жою мақсатында жалдамалы кісі өлтірушімен келісу.   |
| Физикалық-пассивті-тікелей      | Басқа адамға қалаулы мақсатына жетуге немесе қалаулы іс әрекетімен айналысуға физикалық тұрғыда жол бермеуге ұмтылу). |
| Физикалық-пассивті-тікелей емес | Керекті міндеттерді орындаудан бас тарту.   |
| Вербалды-белсенді-тікелей       | Басқа адамға сөз арқылы зәбір көрсету немесе кемсіту.   |
| Вербалды-белсенді-тікелей емес  | Басқа адам туралы залым ғайбат немесе өсек тарату.  |

|                                |   |
|--------------------------------|---|
| Вербалды-пассивті-тікелей      | Басқа адаммен сөйселуден, оның сұрақтарына жауап беруден және т.б. бас тарту.   |
| Вербалды-пассивті-тікелей емес | Белгілі ауызша түсіндіру мен анықтама беруден бас тарту (мысалы, жөнсіз мінеліп жатқан адамды қорғау мақсатында пікір айтудан бас тарту). |

Агрессияны дихотомиялық түрде дұшпандық және инструменталды түрлерін айқындауға болады. Дұшпандық агрессия – агрессордың басты мақсаты құрбанға азап шектіруге ұмтылу болатын агрессияның көрінуі. Инструменталды агрессия ұғымы, агрессордың басқа адамдарға зиян келтіру мақсатын көздеумен байланысты емес, шабуыл жасау оқиғаларын сипаттайды [7].

Жеткіншек мінез-құлқында агрессиялық ұлғаяды. Бұған объективті, биологиялық және психологиялық сипаттағы негіздемелер қатары бар. Психологиялық деңгейде жаңа түзіліс-есейгендік сезімі дамиды. Оның есейгендігіне әр түрлі оқталу-жеткіншек үшін трагедия. Жауап ретінде ол өткір агрессиялық реакцияны береді. Егер ішкі агрессия жоғары болса, және отбасында оны көрсету қатаң жазаланса немесе агрессия шығу жолын таппаса, мінез-құлық биллинг формасын иеленеді. Буллинг – тірі жандарға әдейі мақсатқа бағытталған зиян келтіру. Жануарлар үйірлеріндегі адами буллингтің аналогы мобинг болып табылады. Ол билікті жаулап алу арқылы тірі қалуға бағытталған. Адам үшін осындай «жануарлық мінез-құлық» өзінділік бұзылуымен байланысты. Ол жамандық жасап жатқандығын біледі, бірақ бәрібір басқаны қинайды. Мұндай жеткішек салқын қандылықпен және саналы әрекет етеді-бұл оны инстинктік тірі қалуға негізделген жануарлық мінез-құлықтан ерекшелейді. Фрейдтің айтуы бойынша, мектеп-әлі жетілмеген тұлғалар жиналатын орын болып, әр түрлі жағдайларда, соның ішінде буллинг жағдайында қалай өзін ұстау керектігін көрсету керек. Буллинг фактілері уақытылы және сауатты айырылып танылуы қажет. Оны елемеуге болмайды өйткені ол басқа тұлғаның өзін-өзі бағалауын бұзуға бағытталған.

Агрессия мәселесін психологияда көпжақты зерттеу көптеген авторлардың (Г.М. Андреева, В.В. Знаков, С.В. Еникополов, Л.П. Колчина, Н.Д. Левитов, О.Ю Михайлова, А.А. Реан, Е.В. Романин, С.Е. Роцин, Т.Г. Румянцева және т.б) жұмыстарында көрініс тапты. Жеткіншектердегі агрессиялық мәселесі әр түрлі контексттерде, көбінесе олардың психоәлеуметтік бейімделуін жоғарылатуда қарастырылады (Е.В. Ольшанская, В.А. Троек).

Біздің зерттеуге 14-15 жас аралығындағы 20 жеткіншек қатысты. Зерттеуге Астана қаласының №76 мектеп-лицейінің 9-сынып оқушылары қатысты. Соның ішінде 9 ұл бала, 11 қыз бала болды. Зерттеу келесі әдістемелер арқылы жүргізілді: Розенберг өзін-өзі құрметтеу Шкаласы, Басс-Перри агрессиялық мінез-құлықты диагностикалау сауалнамасы.

Басс-Перридің агрессиялық мінез-құлықты диагностикалау сұрақнамасы бойынша алынған нәтиже 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте.

*Басс-Перридің агрессиялық мінез-құлықты диагностикалау сұрақнамасы бойынша көрсеткіштер*

| № | Ф. И. О  | Жынысы | Физикалық агрессия | Ашу-ыза | Өшпенділік |
|---|----------|--------|--------------------|---------|------------|
| 1 | Н. А.    | Ж      | 26                 | 25      | 19         |
| 2 | А.Д.     | М      | 21                 | 11      | 20         |
| 3 | И.Т.Ф.   | М      | 24                 | 10      | 15         |
| 4 | М.М.     | Ж      | 26                 | 16      | 21         |
| 5 | Ф.М.     | Ж      | 27                 | 20      | 19         |
| 6 | Вае Тае  | Ж      | 21                 | 29      | 26         |
| 7 | Напалеон | М      | 23                 | 15      | 15         |
| 8 | Jimin    | Ж      | 31                 | 22      | 28         |

|    |              |   |    |    |    |
|----|--------------|---|----|----|----|
| 9  | Э.М.         | Ж | 18 | 17 | 18 |
| 10 | CR7          | М | 22 | 15 | 9  |
| 11 | И.А.С.       | Ж | 29 | 26 | 17 |
| 12 | Киса         | М | 36 | 17 | 19 |
| 13 | М.Б.Б.       | М | 24 | 14 | 14 |
| 14 | Алекс Феликс | М | 19 | 7  | 16 |
| 15 | А.А.Е.       | Ж | 26 | 25 | 33 |
| 16 | Н.Б.Ж.       | М | 30 | 17 | 14 |
| 17 | Джи Кім      | Ж | 31 | 24 | 22 |
| 18 | Пак Ю Джин   | Ж | 23 | 21 | 33 |
| 19 | Гоша         | М | 31 | 16 | 20 |
| 20 | Н.А.А.       | Ж | 30 | 30 | 22 |


Ал, Розенбергтің өзін-өзі құрметтеу шкаласы бойынша жеткіншектердің ерекшеліктері 3-кестеге салынған.

3-кесте.

*Розенбергтің өзін-өзі құрметтеу шкаласы бойынша жеткіншектердің көрсеткіштері*

| №  | Ф. И. О      | Жынысы | Өзін-өзі құрметтеу | Өзін-өзі төмен бағалау |
|----|--------------|--------|--------------------|------------------------|
| 1  | Н.А.         | Ж      | +8                 | +1                     |
| 2  | А.Д.         | М      | +8                 | -2                     |
| 3  | И.Т.Ф.       | М      | +5                 | -5                     |
| 4  | М.М.         | Ж      | +7                 | +2                     |
| 5  | Ф.М.         | Ж      | +8                 | -5                     |
| 6  | Вае Тае      | Ж      | +9                 | -1                     |
| 7  | Напалеон     | М      | +4                 | +1                     |
| 8  | Jimin        | Ж      | +4                 | +5                     |
| 9  | Э.М.         | Ж      | +1                 | +3                     |
| 10 | CR7          | М      | +6                 | -9                     |
| 11 | И.А.С.       | Ж      | +9                 | -9                     |
| 12 | Киса         | М      | +3                 | +4                     |
| 13 | М.Б.Б.       | М      | +10                | -6                     |
| 14 | Алекс Феликс | М      | +3                 | +1                     |
| 15 | А.А.Е.       | Ж      | +1                 | +3                     |
| 16 | Н.Б.Ж.       | М      | +9                 | -3                     |
| 17 | Джи Кім      | Ж      | +8                 | -2                     |
| 18 | Пак Ю Джин   | Ж      | +7                 | +4                     |
| 19 | Гоша         | М      | +6                 | -3                     |
| 20 | Н.А.А.       | Ж      | +7                 | 0                      |

Сонда, зерттеуге қатысқан жеткіншектердің физикалық агрессия, өзін-өзі құрметтеу мен агрессиялық мінез-құлық типтерінің арасындағы өзгешеліктер 1-суреттен анық көрінеді.





*1-сурет. Жеткіншектердің физикалық агрессия, өзін-өзі құрметтеу мен агрессиялық мінез-құлық типтерінің арасындағы салыстырмалы нәтижелер*

20 жеткіншек қатысқан зерттеу олардың агрессиялық мінез-құлық типтері мен өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау үшін жүргізілген. Нәтижесінде, 9-сынып оқушыларының физикалық агрессия және өзін-өзі құрметтеу деңгейінің арасында өзгешелік бар екендігі және ашу-ыза мен өзін-өзі құрметтеу деңгейінің арасында да өзгешелік бар екендігі анықталды. Яғни, жеткіншектердің өзін-өзі құрметтеу деңгейі мен физикалық агрессия, ашу-ыза деңгейі бір-біріне тәуелсіз. Ашу-ыза, физикалық агрессия деңгейлерінің көрсеткіші өзін-өзі құрметтеу деңгейінің көрсеткішіне тәуелді емес.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Агрессия и психическое здоровье / Под ред. Академика РАМН Т.Б. Дмитриевой и профессора Б.В. Шостаковича. СПб., 2002. - 464 с.
2. Ениколопов С.Н., Цибульский Н.П. Психометрический анализ русскоязычной версии. Опросника диагностики агрессии А. Басса и М. Перри // Психологический журнал. - 2007. No 1.- С. 115–124.
3. Стивенс Х. Приручи своих драконов. - СПб., 1995.
4. Курбанова З.С.. Психологические условия развития самооценки подростков: диссертация... канд. психол. наук : 19.00.01.- Сочи, 2006.- 195 с.
5. Бэрон Р., Ричардсон Д., Агрессия. - СПб: Питер, 1997. С. 28-33.
6. Васильченко Н. А., Особенности агрессивности и образа родителей у подростков// Научная электронная библиотека. - Краснодар, 2005.
7. Чепелева Л. М., Агрессивность и особенности самосознания личности подростка// Научная электронная библиотека. 2001.

УДК 04.51.53

### **«СЕРПІН» БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУҒА ТАЛПЫНЫС**

**Иманкүл Ақнұр**

[a\\_kadirbekova\\_b@mail.ru](mailto:a_kadirbekova_b@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
әлеуметтану (6М050100) мамандығының 1 курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі – Смағамбет Б.Ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасында ел алдында тұрған бірнеше міндеттерді атап өтті. Соның ішінде, экономикалық-әлеуметтік маңызы бар бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған, жоба жетекшілері «серпінді» деп баға берген «Серпін» бағдарламасының өзектілігі басым. Бірақ, бұл жобаның төңірегінде пайда болған әлеуметтік, экономикалық, әлеуметтік-рухани түйткілдерді терең талдауды қажет ететін мәселелер аз емес.

Біріншіден, бағдарламаны жүзеге асырмастан бұрын солтүстік, орталық, шығыс аймақтарының оңтүстік, батыс аудандарының жастарын өз территориялық аймағында қабылдауға дайын ба, жергілікті тұрғындардың қарым қатынасы және олардың тарапынан мүмкін наразылықтың болуын алдын алу үшін қандай іс-шаралар атқарылды? Осы сұраққа жауап беру қиын, себебі, бағдарлама жүзеге асырылмас бұрын, ешқандай әлеуметтанулық зерттеулер жүргізілмеді және ол жобаны жүргізудегі - басты қателік.